_____ тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Ескертпе: нысан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 178 қаулысына 11-қосымшаға қосымшаға сәйкес "Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалар есебі" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалар есебі (индексі – 10-Ф1-ИНКАССАЦИЯ, кезеңділігі – тоқсан сайын)

әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалар есебі" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. 1-жолда есепті кезең ішінде банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың (бұдан әрі – инкассациялық ұйымдар) үй-жайларында өзгерістердің (орналасқан жерінің, ауданының өзгеруі, үй-жайлардың құрылысындағы өзгерістер) болуы (болмауы) туралы мәліметтер көрсетіледі.

5. 2-жолда банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды тасымалдауға арналған мамандандырылған көлік құралдарының жалпы саны көрсетіледі.

2.1-жолда инкассаторлық ұйымға меншік құқығында тиесілі банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды тасымалдауға арналған мамандандырылған көлік құралдарының саны көрсетіледі.

6. 3-жолда ақшалай нысанда толық көлемде қалыптастырылған жарғылық капитал көрсетіледі.

3.3.1, 3.2-жолдар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 8 қарашадағы № 176 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19612 болып тіркелген) бекітілген Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды

тұлғаларға лицензия беру қағидаларына (бұдан әрі – Лицензия беру қағидалары) сәйкес ұсынылған жарғылық капитал туралы мәліметтер өзгерген кезде толтырылады.

7. 4-жолда инкассаторлық ұйым құрылтайшыларының (қатысушыларының) тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі.

4, 4.1 және 4.2-жолдар Лицензия беру қағидаларына сәйкес ұсынылған құрылтайшылар (қатысушылар) туралы мәліметтер өзгерген кезде толтырылады.

8. 5-жолда инкассаторлық ұйым басшысының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі.

5, 5.1, 5.2, 5.3, 5.4, 5.5 және 5.6-жолдар Лицензия беру қағидаларына сәйкес ұсынылған басшы туралы мәліметтер өзгерген кезде толтырылады.

9. 6-жолда банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі функциялары бар инкассаторлық ұйым қызметкерлерінің саны көрсетіледі.

6, 6.1, 6.2, 6.3 және 6.4-жолдар Лицензия беру қағидаларына сәйкес ұсынылған банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі функциялары бар инкассаторлық ұйымның қызметкерлері туралы мәліметтер өзгерген кезде толтырылады.

10. 8-жолда қызмет көрсетілетін инкассация объектілерінің жалпы санын көрсете отырып, есепті күні қолданыста болған және инкассаторлық ұйым орындайтын банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау шарттарының жалпы саны көрсетіледі.

11. 9-жолда есепті кезеңде инкассаторлық ұйым нақты инкассациялаған қолма-қол ақшаның жалпы сомасы көрсетіледі.

9.1-жолда 1 (бір) инкассатор тасымалдайтын қолма-қол ақша көлемінің орташа сомасы көрсетіледі.

12. 11-жолда инкассаторлық ұйым "Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы бойынша жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2020 жылғы 7 қыркүйектегі № 34 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21183 болып тіркелген) 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынатын "Еңбек бойынша есеп" (индексі 1-Т, кезеңділігі тоқсандық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанына сәйкес деректер көрсетіледі.

13. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықпен ұсынылады.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкінің Төрағасы
2023 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 98 Қаулыға
11-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Қолма-қол ақшамен жасалатын операциялар туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 11-CASH

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы " _____ " _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: Ұлттық пошта операторы

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың отызыншы күнінен кешіктірмей

1-кесте. Клиенттердің операциялары бойынша мәліметтер

№	Көрсеткіштің атауы	Мәні (сомасы)
1	2	3
1	Референс	
2	Аймақ	
3	Есеп айырысу-кассалық бөлімше	
4	Операция санаты	
5	Клиент түрі	
6	Кәсіпкерлік субъектісінің санаты	
7	Клиенттің экономикалық қызмет түрі	
8	Операция түрі	
9	Сомасы	

2-кесте. Кассалық операциялар бойынша мәліметтер

№	Көрсеткіштің атауы	Мәні (сомасы)
1	2	3
1	Референс	
2	Аймақ	
3	Операция санаты	
4	Операция түрі	
5	Сомасы	

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны
Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Ескертпе: нысан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 178 қаулысына 12-қосымшаға қосымшаға сәйкес "Қолма-қол ақшамен жасалатын операциялар туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2014 жылғы 24 қыркүйектегі
№ 178 қаулысына
12-қосымшаға
қосымша

Қолма-қол ақшамен жасалатын операциялар туралы есеп (индексі – 11-CASH, кезеңділігі – ай сайын)
әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Қолма-қол ақшамен жасалатын операциялар туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысан есепті айдың соңындағы жағдай бойынша жасалады. Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі теңге болып табылады. Құндық көрсеткіштер үтірден кейін екі таңбамен көрсетіледі.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

5. Нысанның мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) электрондық құрылғылар – POS-терминалдарды қоспағанда, қолма-қол ақшаны қабылдау және (немесе) беру жөніндегі кассалық операцияларға не операциялардың өзге де түрлерін жүзеге асыруға, сондай-ақ тиісті растайтын құжаттарды қалыптастыруға арналған банкоматтар, электрондық терминалдар және өзге де құрылғылар;

2) POS-терминал – төлем карточкаларын пайдалана отырып және Ұлттық пошта операторының ақпараттық жүйесімен қосыла отырып, қолма-қол ақша беру жүзеге асырылатын электрондық-механикалық құрылғы.

6. Егер тиісті көрсеткіштің осы Түсіндірмесінде өзгеше көзделмесе, барлық көрсеткіштер толтыру үшін міндетті болып табылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

7. Есеп нысанында заңды (барлық меншік нысанындағы), жеке тұлғалар мен дара кәсіпкерлер кассалар, электрондық құрылғылар және Ұлттық пошта операторының POS-терминалдары арқылы қолма-қол ақшаны пайдалана отырып жүзеге асырған операциялар (кіріс, шығыс) туралы мәліметтер беріледі.

8. 1 және 2-кестелердің 1-жолы есептілікті жинауға арналған ақпараттық жүйеде есеп жолының сәйкестендірушісі болып табылатын референсті көрсетуге арналған. Референс Ұлттық пошта операторы үшін қолма-қол ақшамен жасалатын операция туралы мәліметтерді ұсынатын бірегей болып табылады.

9. 1-кестенің 2, 3, 4, 5, 6, 7 және 8-жолдарында және 2-кестенің 2, 3 және 4-жолдарында мәндер Нысан берілетін ақпараттық жүйеде орналастырылған анықтамалықтардың кодтарына сәйкес толтырылады.

10. 1-кестенің 3-жолында Ұлттық пошта операторы жүргізетін анықтамалыққа сәйкес қолма-қол ақшамен кіріс-шығыс операциясы жүзеге асырылған Ұлттық пошта операторының есеп айырысу-кассалық бөлімшесі көрсетіледі.

Көрсеткіш электрондық құрылғылар және POS-терминалдар арқылы жасалған қолма-қол ақшамен кіріс және шығыс операцияларын қоспағанда, барлық операциялар бойынша толтыру үшін міндетті болып табылады.

11. 1-кестенің 6-жолында кәсіпкерлік субъектісінің санаты көрсетіледі (заңды тұлғалар және дара кәсіпкерлер болып табылатын клиенттер бойынша).

12. 1-кестенің 7-жолында заңды тұлғалар және дара кәсіпкерлер болып табылатын клиенттердің экономикалық қызмет түрі көрсетіледі.

13. 1-кестенің 8-жолы мынадай кіріс және шығыс баптарына сыныпталады:

1) қолма-қол ақша кірісінің баптары:

"Тауарларды, қызметтерді және орындалған жұмыстарды өткізуден түсетін түсімдер" бабында:

барлық меншік нысанындағы заңды тұлғалардан, дара кәсіпкерлерден;

сауда, сол сияқты саудамен айналыспайтын кәсіпорындардың тауарларды сатуынан

;

заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің негізгі қызметін құрайтын қызметтер мен жұмыстар түрлерінен: тұрмыстық, медициналық, заңгерлік, жөндеу-құрылыс, салт-дәстүрлік қызметтер мен білім беру саласындағы қызметтер;

заңды тұлғалардан, дара кәсіпкерлерден банк қызметтерін көрсеткені үшін комиссиялық сыйақы төлеуге қолма-қол ақшаның түсуі (бюджетке төлемдерді қабылдау үшін бланкілер үшін алымдар және басқалары);

заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер қызметінің негізгі түріне жатпайтын, бірақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына қайшы келмейтін қызметтер мен жұмыстардың жоғарыда аталған түрлерінен, сондай-ақ басқа да қызметтер түрлерін көрсетуден қолма-қол ақшаның түсуінен;

"Шоттарға түсімдер" бабында салымдарды, ағымдағы және карточкалық шоттарды толықтыру үшін Ұлттық пошта операторының кассаларына заңды, жеке тұлғалардан және дара кәсіпкерлерден қолма-қол ақша түсімдері көрсетіледі;

"Ақша аударымдары жүйесі арқылы (шот ашпастан) Қазақстан Республикасы бойынша бір жолғы аударым үшін жеке тұлғалардан түсетін түсімдер" бабында ақша аударымдары жүйесі арқылы (Ұлттық пошта операторында шот ашпастан) Қазақстан Республикасының аумағындағы басқа тұлғалардың пайдасына аударымдарды жүзеге асыру үшін жеке тұлғалардан қолма-қол ақша түсімдері көрсетіледі;

"Ақша аударымдары жүйелері арқылы (шот ашпастан) шетелге бір жолғы аударым үшін жеке тұлғалардан түсетін түсімдер" бабында ақша аударымдары жүйесі арқылы (Ұлттық пошта операторында шот ашпастан) Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі басқа тұлғалардың пайдасына аударымдарды жүзеге асыру үшін жеке тұлғалардан қолма-қол ақша түсімдері көрсетіледі;

"Қарыздарды өтеу" бабында қарыздарды өтеу және олар бойынша есептелген сыйақы есебіне жеке, заңды тұлғалардың және дара кәсіпкерлердің ағымдағы шоттарына қолма-қол ақша түсімдері, сондай-ақ басқа қаржы ұйымдарында ресімделген қарыздарды өтеу үшін шот ашпастан төлемдерді қабылдау көрсетіледі;

"Электрондық құрылғылар арқылы қолма-қол ақша түсімдері" бабында жеке, заңды тұлғалардың және дара кәсіпкерлердің шоттарына электрондық құрылғылар арқылы қолма-қол ақша түсімдері көрсетіледі;

"Қолма-қол ақша кірісінің жоғарыда келтірілген баптары бойынша ескерілмеген қолма-қол ақша түсімдері" бабында жоғарыда келтірілген "Қолма-қол ақша кірісі" баптары бойынша ескерілмеген барлық өзге де түсімдер көрсетіледі;

2) қолма-қол ақша шығысының баптары:

"Тауарларға, көрсетілетін қызметтерге және орындалған жұмыстарға ақы төлеуге беру" бабында заңды тұлғалар мен барлық меншік нысанындағы дара кәсіпкерлерге тауарларға, көрсетілетін қызметтер мен орындалған жұмыстарға есеп айырысу үшін, шаруашылық және өкілдік шығыстарға, оның ішінде заттарды, асыл тастар мен бағалы металдарды, өнер заттарын, антиквариат пен қолөнер бұйымдарын сатып алуды жүргізуге, кәдеге жарату шикізатын, металл сынықтарын дайындауға, халықтан шыны ыдыстарды сатып алуға құқығы бар заңды тұлғаларға және дара кәсіпкерлерге қолма-қол ақша беру көрсетіледі;

"Шоттардан беру" бабында Ұлттық пошта операторының жеке, заңды тұлғалардың және дара кәсіпкерлердің ағымдағы, карточкалық шоттарынан қолма-қол ақша беруі, салымдар мен олар бойынша сыйақыны қайтаруы көрсетіледі;

"Қазақстан Республикасы бойынша жеке тұлғаларға ақша аударымдары жүйесі арқылы (шот ашпастан) бір жолғы аударым бойынша қолма-қол ақша беру" бабында Қазақстан Республикасының аумағындағы басқа тұлғалардан ақша аударымдары бойынша түсімдер есебінен (Ұлттық пошта операторында шот ашпастан) жеке тұлғаларға қолма-қол ақша беру көрсетіледі;

"Жеке тұлғаларға ақша аударымдары жүйесі арқылы (шот ашпастан) шетелден бір жолғы аударым бойынша қолма-қол ақша беру" бабында Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі басқа тұлғалардан ақша аударымдары бойынша түсімдер есебінен (Ұлттық пошта операторында шот ашпастан) жеке тұлғаларға қолма-қол ақша беру көрсетіледі;

"Қарыздар беру" бабында жеке, заңды тұлғаларға және дара кәсіпкерлерге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген мақсаттарға ағымдағы шоттан қолма-қол ақшамен қарыздар беру көрсетіледі;

"Электрондық құрылғылар арқылы қолма-қол ақша беру" бабында жеке, заңды тұлғалардың және дара кәсіпкерлердің шоттарынан электрондық құрылғылар арқылы қолма-қол ақша беру көрсетіледі;

"POS-терминалдар арқылы қолма-қол ақша беру" бабында POS-терминалдар арқылы қолма-қол ақша беру көрсетіледі;

"Қызметкерлермен есеп айырысу үшін қолма-қол ақша беру" бабында жалақыны, еңбекке уақытша жарамсыздық кезінде аурухана парағы бойынша төлемді, іссапар бойынша шығыстарды өтеуді немесе төлеуді, демалыс төлемдерін, сыйлықақылар мен үстемеақылар, өтемақылар, жәрдемақылар және басқасын қоса алғанда, еңбекақының барлық түрлері бойынша есеп айырысу үшін заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің ағымдағы шоттарынан қолма-қол ақша беру көрсетіледі.

"Жоғарыда келтірілген "Қолма-қол ақша шығысының" баптары бойынша ескерілмеген қолма-қол ақша беру" бабында жоғарыда келтірілген "Қолма-қол ақша шығысының" баптары бойынша ескерілмеген қолма-қол ақшаның өзге де берілуі көрсетіледі.

14. 2-кестенің 4-жолы мынадай кіріс және шығыс баптарына сыныпталады:

1) қолма-қол ақша кірісінің баптары:

"Электрондық құрылғылардан алынған қолма-қол ақшаның түсімдері" бабында электрондық құрылғылардан алынған қолма-қол ақшаның түсімдері көрсетіледі;

"Ұлттық пошта операторының айырбастау пункттерінің шетел валютасын сатудан түсетін түсімдер" бабында Ұлттық пошта операторының меншікті айырбастау пункттерінен сатылған шетел валютасы үшін қолма-қол ақша түсімдері көрсетіледі;

"Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензиясы негізінде қызметті тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың шетел валютасын сатудан түсетін түсімдері" бабында қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензиясы негізінде айырбастау пункттері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғалардан сатылған шетел валютасы үшін қолма-қол ақша түсімдері көрсетіледі;

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі филиалдарының айналым кассасынан Ұлттық пошта операторының операциялық кассасына қолма-қол ақша түсімдері" бабында Ұлттық пошта операторының операциялық кассаларын нығайту үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі филиалдарының айналым кассасынан қолма-қол ақша түсімдері көрсетіледі;

"Ұлттық пошта операторының операциялық кассасына оның кассалық бөлімшелерінен және екінші деңгейдегі банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың операциялық кассаларынан қолма-қол ақша түсімдері" бабында:

Ұлттық пошта операторының операциялық кассасына оның Ұлттық пошта операторының касса торабынан тыс орналасқан дербес операциялық кассаларынан (қолма-қол ақшаның Ұлттық пошта операторының желісі бойынша қозғалысы: бас офистің кассасы, филиалдың кассасы, Ұлттық пошта операторының касса торабынан тыс орналасқан кассасы);

Ұлттық пошта операторының операциялық кассасына екінші деңгейдегі банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың операциялық кассаларынан қолма-қол ақшаның түсімдері көрсетіледі;

2) қолма-қол ақша шығысының баптары:

"Есепті кезеңнің соңындағы операциялық кассадағы қолма-қол ақша қалдығы" бабында есепті кезеңнің соңындағы Ұлттық пошта операторының операциялық кассасындағы қолма-қол ақша қалдықтары көрсетіледі;

"Электрондық құрылғыларды тиеу үшін қолма-қол ақша беру" бабында электрондық құрылғыларды нығайту үшін қолма-қол ақша беру көрсетіледі;

"Ұлттық пошта операторының өз айырбастау пункттеріне шетел валютасын сатып алуға қолма-қол ақша беруі" бабында өз айырбастау пункттеріне шетел валютасын сатып алуға қолма-қол ақша беруі көрсетіледі;

"Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензиясы негізінде қызметті тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға шетел валютасын сатып алуға қолма-қол ақша беру" бабында қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің

қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензиясы негізінде айырбастау пункттері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғаларға шетел валютасын сатып алуға қолма-қол ақша беру көрсетіледі;

"Ұлттық пошта операторының Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі филиалдарының айналым кассасына қолма-қол ақшаны тапсыруы" бабында Ұлттық пошта операторының Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі филиалдарының айналым кассасына берген қолма-қол ақша сомасы көрсетіледі;

"Ұлттық пошта операторының операциялық кассасынан оның кассалық бөлімшелеріне, екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың операциялық кассаларына қолма-қол ақша беру" бабында:

Ұлттық пошта операторының операциялық кассасынан оның Ұлттық пошта операторының касса торабынан тыс орналасқан дербес операциялық кассаларына (қолма-қол ақшаның Ұлттық пошта операторының желісі бойынша қозғалысы: бас офистің кассасы, филиалдың кассасы, Ұлттық пошта операторының касса торабынан тыс орналасқан кассасы);

Ұлттық пошта операторының операциялық кассасынан екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың операциялық кассаларына қолма-қол ақша беру көрсетіледі.

15. 1-кестенің 9-жолында көрсетілген барлық клиенттік кіріс операциялары бойынша (электрондық құрылғылар арқылы қолма-қол ақша түсімдерін қоспағанда) және 2-кестенің 5-жолында көрсетілген барлық кассалық кіріс операциялары бойынша жиынтық сома 1-кестенің 9-жолында көрсетілген барлық клиенттік шығыс операциялары бойынша (электрондық құрылғылар арқылы қолма-қол ақшаны беруді қоспағанда) және 2-кестенің 5-жолында көрсетілген барлық кассалық шығыс операциялары бойынша жиынтық сомаға тең.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкінің Төрағасы
2023 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 98 Қаулыға
12-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2014 жылғы 24 қыркүйектегі
№ 178 қаулысына
13-қосымша

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті ұсыну қағидалары

1. Осы Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті ұсыну қағидалары "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы"

Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, " Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-3-бабының 1-1-тармағына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – Ұлттық Банк) есептілікті ұсыну тәртібін айқындайды.

2. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның есептілігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйе арқылы электрондық форматта ұсынылады.

Есептілікке басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам, сондай-ақ жеке тұлға электрондық-цифрлық қолтаңба арқылы қол қояды және электрондық форматта сақталады.

Есептіліктегі деректердің толықтығы мен дұрыстығын банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның басшысы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам қамтамасыз етеді.

3. Респондент клиентінің және (немесе) контрагентінің резиденттігі "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалады.

4. Есептілікті қалыптастыру мақсатында шетел валютасындағы активтер мен міндеттемелер "Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысымен және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8378 болып тіркелген) көзделген тәртіппен айқындалған валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта есептеліп көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкінің Төрағасы
2023 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 98 Қаулыға
13-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 219 қаулысына
1-қосымша

Ұлттық пошта операторының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептіліктің тізбесі

Ұлттық пошта операторының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілік:

1) Ұлттық пошта операторының пруденциялық нормативтерді орындау туралы есепті;

2) кредиттік тәуекелді ескере отырып өлшенген активтердің талдамасы туралы есепті қамтиды.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкінің Төрағасы
2023 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 98 Қаулыға
14-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 219 қаулысына
2-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Ұлттық пошта операторының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1- PN

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: Ұлттық пошта операторы

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жиырма бесінші күнінен кешіктірмей

Кесте. Пруденциялық нормативтерді орындау туралы есеп

№	Атауы	Сомасы (мәні)
1	2	3
1	Меншікті капитал	
2	Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша өлшенген активтер	
3	Өтімділігі жоғары активтер	
4	Талап етуге дейінгі міндеттемелер	
5	Меншікті қаражаттың жеткіліктілігі коэффициенті (К) (1-жол/2-жол) кемінде 0,12	
6	Өтімділік коэффициенті (Кө) (3-жол/4-жол) кемінде 0,30	
7	Ұлттық пошта операторының есепті кезең ішінде кредиторлар	

мен депозиторлардың алдында мерзімі өткен міндеттемелерінің болуы (иә/жоқ)
--

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы " ____ " _____

Ескертпе: нысан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 219 қаулысына 2-қосымшаға қосымшаға сәйкес "Ұлттық пошта операторының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 219 қаулысына
2-қосымшаға
қосымша

Ұлттық пошта операторының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есеп (индексі: 1- PN, кезеңділігі - ай сайын)

әкімшілік деректердің нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Ұлттық пошта операторының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Пошта туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабы 3-тармағының екінші бөлігіне, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысан "Ұлттық пошта операторы үшін пруденциялық нормативтерді белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 307 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14786 болып тіркелген) сәйкес толтырылады.

6. "Меншікті қаражаттың жеткіліктілігі коэффициенті (К)" 5-жолында үтірден кейін екі таңбалы мәні көрсетіледі.

7. "Өтімділік коэффициенті (Өк)" 6-жолында үтірден кейін екі таңбалы мәні көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкінің Төрағасы
2023 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 98 Қаулыға
15-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 219 қаулысына
3-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Кредиттік тәуекел ескеріле отырып өлшенген активтердің талдамасы туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 2 - RA

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

Ақпарат ұсынатын тұлғалар тобы: Ұлттық пошта операторы

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жиырма бесінші күнінен кешіктірмей

Кесте. Кредиттік тәуекел ескеріле отырып өлшенген активтердің талдамасы

(мың теңгемен)

№	Баптардың атауы	Сомасы	Тәуекел дәрежесі пайызбен	Есептелетін сомасы
1	2	3	4	5
I топ				
1.	Қолма-қол ақша		0	

2.	Standard & Poor's халықаралық рейтинг агенттігінің "AA-" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің қолма-қол шетел валютасы		0	
3.	Аффинирленген бағалы металдар		0	
4.	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне өзге де талаптар		0	
5.	Standard & Poor's халықаралық рейтинг агенттігінің "AA-" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар		0	
6.	Standard & Poor's халықаралық рейтинг агенттігінің "AA-" төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қ а р ж ы ұйымдарындағы салымдар, Еуразиялық Даму Банкіндегі		0	

	Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы салымдар			
7.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары		0	
8.	Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары		0	
9.	Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес Қазақстанның Даму Банкі, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры", "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі, "Проблемалық кредиттер қоры" акционерлік қоғамдары шығарған бағалы қағаздар, сондай-ақ Еуразиялық Даму Банкі шығарған және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында номинирленген бағалы қағаздар		0	
	Кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес			

10.	жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының 100 (бір жүз) пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлға шығарған бағалы қағаздар		0	
11.	Standard & Poog's халықаралық рейтинг агенттігінің "AA-" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар		0	
12.	Standard & Poog's халықаралық рейтинг агенттігінің "AA-" төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар		0	
13.	Ашылған корреспонденттік шоттар бойынша Standard & Poog's халықаралық рейтинг агенттігінің "BBB" төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе		0	

	басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар банктерге талаптар			
14.	Ашылған ағымдағы шоттар бойынша Standard & Poog's халықаралық рейтинг агенттігінің "BBB" төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар банктерге талаптар		0	
15.	Орталық контрагенттің қатысуымен жасалған "кері репо" операциясының мәні болып табылатын бағалы қағаздар		0	
16.	I тәуекел тобына енгізілген активтер бойынша есептелген сыйақы		0	
II топ				
17.	Standard & Poog's халықаралық рейтинг агенттігінің "AA-" төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің қолма-қол шетел валютасы		20	
	Standard & Poog's халықаралық рейтинг агенттігінің "A+"-тен "A"-ке			

18.	дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар		20	
19.	Standard & Poor's халықаралық рейтинг агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қ а р ж ы ұйымдарындағы салымдар		20	
20.	Standard & Poor's халықаралық рейтинг агенттігінің "AA-" төмен емес борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардағы салымдар		20	
21.	Standard & Poor's халықаралық рейтинг агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар		20	

22.	Standard & Poog's халықаралық рейтинг агенттігінің "А+"-тен "А"-ке дейінгі борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар		20	
23.	Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары шығарған мемлекеттік бағалы қағаздарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар		20	
24.	Standard & Poog's халықаралық рейтинг агенттігінің "АА-" төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздар		20	
25.	Standard & Poog's халықаралық рейтинг агенттігінің "АА-" төмен емес борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің		20	

	бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдар шығарған бағалы қағаздар			
26.	II тәуекел тобына енгізілген активтер бойынша есептелген сыйақы		20	
III топ				
27.	Аффинирленбеген бағалы металдар		50	
28.	Standard & Poor's халықаралық рейтинг агенттігінің "BBB+"-тен "BBB-"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар		50	
29.	Standard & Poor's халықаралық рейтинг агенттігінің "BBB+"-тен "BBB-"-ке дейінгі борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар		50	
30.	Standard & Poor's халықаралық рейтинг агенттігінің "A+"-дан "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас		50	

	деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардағы салымдар			
31.	Standard & Poog's халықаралық рейтинг агенттігінің "BBB+"-тен "BBB-"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар		50	
32.	Standard & Poog's халықаралық рейтинг агенттігінің "BBB+"-тен "BBB-"-ке дейінгі борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар		50	
33.	Standard & Poog's халықаралық рейтинг агенттігінің "A+"-тен "A-"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздар		50	
	Standard & Poog's халықаралық рейтинг агенттігінің "A+"-тен "A-"-ке			

34.	дейінгі борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдар шығарған бағалы қағаздар		50	
35.	Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес шағын немесе орта кәсіпкерлікке жатқызылған субъектілер шығарған, "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының ресми тізімінің "Негізгі" не "Баламалы" алаңының "Борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізілген, сомасы осы бағалы қағаздардың номиналды құнының кемінде 50 (елу) пайызын жабатын "ДАМУ" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының және (немесе) Қазақстанның Даму Банкінің кепілдігі бар және мынадай өлшемшарттарға сәйкес келетін бағалы қағаздар: 1) эмитенттің бағалы қағаздарының бір шығарылымына инвестициялардың көлемі меншікті капиталдың 0,02 (50	

	<p>нөл бүтін жүзден екі) пайызынан аспайды;</p> <p>2) бағалы қағаздар шығару валютасы – теңге.</p>			
36.	<p>Ашылған корреспонденттік шоттар бойынша Standard & Poog's халықаралық рейтинг агенттігінің "BBB-"-тен "BB-"-ке дейінгі (қоса алғанда) борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент-банктеріне немесе Standard & Poog's халықаралық рейтинг агенттігінің "BBB-"-дан "BB+"-ға дейінгі (қоса алғанда) борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкін е қойылатын талаптар</p>		50	
	<p>Ашылған ағымдағы шоттар бойынша Standard & Poog's халықаралық рейтинг агенттігінің "BBB-"-тен "BB-"-ке дейінгі (қоса алғанда) борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының</p>			

37.	резидент-банктеріне немесе Standard & Poor's халықаралық рейтинг агенттігінің "BBB"-дан "BB+"-ға дейінгі (қоса алғанда) борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкін е қойылатын талаптар		50	
38.	"Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамына қойылатын талаптар		50	
39.	III тәуекел тобына енгізілген активтер бойынша есептелген сыйақы		50	
IV топ				
40.	Standard & Poor's халықаралық рейтинг агенттігінің "BB+"-тен "B"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің орталық банктеріндегі салымдар		100	
41.	Standard & Poor's халықаралық рейтинг агенттігінің "BB+"-тен "B"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі		100	

	бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы және тиісті рейтингтік бағасы жоқ халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар			
42.	Standard & Poog's халықаралық рейтинг агенттігінің "А"-тен төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденті-ұйымдардағы, тиісті рейтингтік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының резиденті-ұйымдардағы және Standard & Poog's халықаралық рейтинг агенттігінің "BBB+"-дан "BB"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезиденті-ұйымдардағы салымдар		100	
43.	Standard & Poog's халықаралық рейтинг агенттігінің "BBB+"-тен "B"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік		100	

	бағасы жоқ елдердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар			
44.	Standard & Poog's халықаралық рейтинг агенттігінің "BBB+"-тен "BB"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің жергілікті билік органдары шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар		100	
45.	Standard & Poog's халықаралық рейтинг агенттігінің "BB+"-тен "B"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары және тиісті рейтингтік бағасы жоқ халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар		100	
	Standard & Poog's халықаралық рейтинг агенттігінің "A"-тен төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас			

46.	<p>деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденті-ұйымдар, тиісті рейтингтік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының резиденті-ұйымдар және Standard & Poog's халықаралық рейтинг агенттігінің "BBB+"-тен "BB"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезиденті-ұйымдар шығарған бағалы қағаздар</p>		100	
47.	<p>Ашылған корреспонденттік шоттар бойынша Standard & Poog's халықаралық рейтинг агенттігінің "BB"-тен төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент-банктеріне немесе Standard & Poog's халықаралық рейтинг агенттігінің "BB+" төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкін</p>		100	

	е қойылатын талаптар			
48.	Ашылған ағымдағы шоттар бойынша Standard & Poog's халықаралық рейтинг агенттігінің "BB-"-тен төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент-банктеріне немесе Standard & Poog's халықаралық рейтинг агенттігінің "BB+" төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкін е қойылатын талаптар		100	
49.	IV тәуекел тобына енгізілген активтер бойынша есептелген сыйақы		100	
50.	Төлемдер бойынша есептер		100	
51.	Негізгі құрал-жабдықтар		100	
52.	Материалдық қорлар		100	
53.	Сыйақы және шығыстар сомасын алды ала төлеу		100	
54.	Өзге де активтер		100	
V топ				
	Standard & Poog's халықаралық рейтинг агенттігінің "B-"-тен төмен			

55.	тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар		150	
56.	Standard & Poor's халықаралық рейтинг агенттігінің "B"-тен төмен борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар		150	
57.	Standard & Poor's халықаралық рейтинг агенттігінің "BB"-тен төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарындағы және тиісті рейтингтік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарындағы салымдар		150	
58.	Standard & Poor's халықаралық рейтинг агенттігінің "B"-тен төмен тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің		150	

	<p>бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтері шығарған бағалы қағаздар</p>			
59.	<p>Standard & Poor's халықаралық рейтинг агенттігінің "BB-"-тен төмен тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздар</p>		150	
60.	<p>Standard & Poor's халықаралық рейтинг агенттігінің "B-"-тен төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар</p>		150	
61.	<p>Standard & Poor's халықаралық агенттігінің "BB-"-тен төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдары және тиісті рейтингтік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының</p>		150	

	бейрезидент ұйымдары шығарған бағалы қағаздар			
62.	V тәуекел тобына енгізілген активтер бойынша есептелген сыйақы		150	
63	Тәуекелді активтер жиынтығы:		X	

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_____ тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Ескертпе: нысан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 219 қаулысына 3-қосымшаға қосымшаға сәйкес "Кредиттік тәуекел ескеріле отырып өлшенген активтердің талдамасы туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

Қазақстан Республикасы
 Ұлттық Банкі Басқармасының
 2014 жылғы 24 қыркүйектегі
 № 178 қаулысына
 3-қосымшаға
 қосымша

Кредиттік тәуекел ескеріле отырып өлшенген активтердің талдамасы туралы есеп (индексі – 2 - RA, кезеңділігі – ай сайын)

әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Кредиттік тәуекел ескеріле отырып өлшенген активтердің талдамасы туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Пошта туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабы 3-тармағының екінші бөлігіне және "

Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 3-бағанда кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша өлшенуге жататын активтер сомасы көрсетіледі.

6. 4-бағанда активтердің әрбір тобы үшін пайызбен тәуекел дәрежесі көрсетіледі.

7. 5-бағанда 3-бағанда көрсетілген, пайызбен тәуекел дәрежесіне көбейтілген активтер сомасы көрсетіледі (4-баған).

8. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкінің Төрағасы
2023 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 98 Қаулыға
16-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 219 қаулысына
4-қосымша

Ұлттық пошта операторының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікті ұсыну қағидалары

1. Осы Ұлттық пошта операторының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікті ұсыну қағидалары "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Пошта туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабы 3-тармағының екінші бөлігіне және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және Ұлттық пошта операторының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ұсыну тәртібін айқындайды.

2. Ұлттық пошта операторының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілік Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйе арқылы электрондық форматта ұсынылады.

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам, сондай-ақ жеке тұлға электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойған пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілік электрондық форматта сақталады.

Есептіліктегі деректердің толықтығы мен дұрыстығын басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам қамтамасыз етеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ